



Барлық ескертулер мен бланк қағаздарын виза бөлімдерінен, дипломатиялық өкілдіктердің веб-сайтынан,  
сонымен қатар визалық орталықтардан тегін алуға болады.

## Медициналық емдеу алу мақсатында виза ашуға берілетін өтініш туралы ақпарат

Сіздерден «Виза ашу үшін берілетін өтініштің жалпы мағлұматтары туралы» ескертпемен қосымша танысуыңызды сұраймыз.

- Әрбір өтініш берушінің Шенген визасын алу үшін толық толтырылған өзінің қолы қойылған **сауалнамасы**. Мұнда шетелдіктердің келуі туралы заңның 53 параграфы, осы параграфтың 1 абзацы мен 54 параграфтың 2 абзацының, №7, 8 пункттерінің өзара байланысы туралы түсініктемелері қоса ескеріледі; электрондық толтыруға және қайта басып шығаруға арналған сауалнаманың толық түрін Сіз мынадан [www.videx.diplo.de](http://www.videx.diplo.de) таба аласыз.
- Соңғы 6 айдың ішінде түсірілген 3,5 x 4,5 см көлеміндегі 2 биометриялы фотосурет (фотосуретті сауалнамаға жапсырып).
- Жарамды, өтініш берушінің қолтаңбасы (16 жастан бастап) бар шетелдік төлқұжат және оның жеке деректері орналасқан бетінің көшірмесі. Визаны рәсімдеу кезінде төлқұжат кемінде әрі қарай 3 айға жарамды, соңғы 10 жыл аралығында берілген және кем дегенде 2 бос беті болуы тиіс.
- Бар болған жағдайда соңғы үш жылда берілген шенген визалардың кіру және шығу мөрлері бар көшірмелері;
- **Қазақстан азаматтығы жоқ өтініш берушілерге: Қазақстанда тұруға ықтияр хаттың/тіркеудің түпнұсқасы мен көшірмесі;**
- Азаматтық хал актілерін растайтын құжаттар (мысалы, туу/неке/қайтыс болу туралы куәліктер) АХАЖ мөрімен түпнұсқада ұсынылуы тиіс (eGov көшірмелері жарамсыз!)
- Бүкіл Шенген келісімге кіретін мемлекеттерде жарамды медициналық сақтандыру көшірмесі, ең төменгі сақтандыру полисі - 30.000, - €, жарамдылық мерзімі көрсетілген. Медициналық сақтандыру болуы мүмкін мына шығындарды өтеу қажет: сақтанушының ауырған немесе өлген жағдайда орын алатын кері тасымалдау шығындары; шұғыл медициналық көмекке жұмсалатын қаражат немесе шұғыл ауруына байланысты емханаға кететін шығындар. Бұның бәрі өтініш берушінің Шенген келісімге кіретін елдердің территориясында жүрген кездерінде ғана іске асады. **Медициналық сақтандыру сонымен бірге COVID-19 коронавирустық ауруын ең төменгі 30.000 евро мөлшерінде қамтуы керек.**



- **Виза үшін консулдық алым** теңгемен төленеді (Консулдық алымдар туралы толық мәліметті Сіз мына жерден таба аласыз: [www.kasachstan.diplo.de](http://www.kasachstan.diplo.de))
- **Сапар мақсатының дәлелдемелері:**
  - Германиядағы емдеуші дәрігердің шақыру хатының түпнұсқасы мен көшірмесі ЖӘНЕ
  - Германиядағы емдеуші дәрігер толтырған "Медициналық емдеу" қосымша формуляр, оны дипломатиялық өкілдіктерден, виза ашу үшін берілетін өтініштерді қабылдайтын орталықтардан және мына жерден [www.kasachstan.diplo.de](http://www.kasachstan.diplo.de) тегін алуға болады;
- **Егер өтініш беруші бұдан бұрын емделген болса:** ем қолданғаны туралы тиісті құжаттардың көшірмесі;
- Өтініш иесінің банктегі ағымдағы есепшотының жайы көрсетілген **банк анықтамасының түпнұсқасы**, онда банктің мөрі, қолы болуы қажет және кейінгі 3 ай ішіндегі банктегі есепшотынан шыққан **ағымдағы шығарымдар**. Банк анықтамасы виза ашуға жазылатын өтінішке дейін көп дегенде екі аптадан аспай берілуі керек;
  - **Некеде тұратын арыз берушілер** күйеуінің/әйелінің банктегі есепшотының түпнұсқасы мен көшірмесін бере алады, оған қоса некеге отырғаны туралы куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесін тапсырады;
  - **Кәмелетке толмаған өтініш берушілер** өзін бірге алып жүрген ата-анасының біреуінің есепшотының көшірмесін алуына болады + өзінің тууы туралы куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі;
- **Отбасы жағдайына байланысты: некеге отырғаны туралы куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі; Неке бұзу туралы куәліктері немесе ата-анасының (күйеуінің/әйелінің) қайтыс болу туралы куәліктер; түпнұсқасы мен көшірмесі;**
- **Балалары болса:** тууы туралы куәліктерінің түпнұсқасы мен көшірмелері;
- **Жылжымайтын мүлік (зат, меншік) болса: Мүлкі туралы анықтама** (виза ашуға өтініш жазған күннен төрт аптадан аспайтын уақытқа дейін берілген болуы керек);
- **Жұмыс істейтіндер үшін:** Жұмыс жасайтын жерден берілген **анықтаманың түпнұсқасы**. Анықтамада оның лауазымы, еңбек қызметінің ұзақтығы, орта айлық жалақысы, берілетін демалыс және оның мерзімі мен сипаты (төленетін/төленбейтін демалыс) көрсетіледі. Сонымен қатар жұмыс орынының толық мекен-жайы, байланыс деректері, жұмыс берушінің анықтамадағы мөрі мен қолы;
- **Жеке кәсіпкерлер мен ЖШС құрылтайлары үшін: E-gov-тан берілетін мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлға екендігі туралы анықтама, кейінге есепті уақытқа берілген салық құжаттары** (патент немесе электронды түрдегі декларация). Және салық берешегі бар ма немесе жоқ па тұрасындағы анықтама;



- **Зейнеткерлер үшін:** Зейнеткерлік есеп шотынан шығарылым;
- **Студенттер үшін:**
  - **Оқитын жерінен** анықтаманың түпнұсқасы. Анықтамада оқудың түрі, мамандығы, курсы және оқудағы қалған уақыты көрсетіледі;
- **Оқушылар үшін:**
  - **Мектептен берілген анықтаманың түпнұсқасы**.
- **Егер өтініш беруші науқасты апаратын адам ретінде баратын болса:** Жұмыс берушінің, университеттің немесе мектептің (сол кезеңге сабақтан босатылғаны туралы) растау құжаттары;

**Кәмелетке толмағандар үшін қосымша деректер:**

- **Тууы турлы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі;**
- **Егер тууы туралы куәліктегі мәліметтер шешесінің айтуымен жазылған болса: АХАЖ (азаматтардың хал актілерін жазу) мекемесінің №4 формасы бойынша берген актуалды анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесі** (анықтаманың берілген уақыты виза ашу үшін жазылған берілген өтініштің күнінен төрт тәуліктен аспауы керек);
- **Ата-аналық құқықтарына ие ата-аналардың жеке тұлғаларын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;**

ЖӘНЕ

- **Өтініш формулярында ата-аналық құқықтарына ие ата-аналардың қолдары;**
- **Егер ата-анасының біреуі қайтыс болған болса немесе ата-аналық құқығынан айырылған болса: өлгені туралы куәліктің немесе соттың шешімінің түпнұсқасы мен көшірмесі;**

ЖӘНЕ

- **Егер бала ата-аналарының біреуімен немесе үшінші тұлғаның жетекшілігімен, не болмаса жалғыз өзі баратын болса: Шенгендік Келісімге кіретін елдің аймағына баратын балаға жетекшілік жасайтын тұлғаға немесе белгілі бір уақытқа баратын баланың өзіне сапарға бірге шықпаған ата-аналарының нотариалдық түрде расталған рұқсатнамасының көшірмесі мен түпнұсқасы;**
- **Егер ата-анасының немесе сапарға бірге баратын тұлғаның жарамды шенген визасы болса: Осы визалардың көшірмесі.**



Естеріңізде болсын: Сіздің өтінішіңізді қарау барысында қосымша құжат қажет болған жағдай туындаса, онда дипломатиялық өкілдік қосымша құжаттарды жіберуді талап етеді. Бірақ бұл құжаттар Сізге визаны автоматты түрде ашуға негіз болып табылмайды.

**Медициналық емдеуге шақыру – Шақырушы тұлғаның өтініші**

<b>Шақырушы тұлға</b> (емхананың немесе дәрігердің мөрі)	
<b>Сұрақтар туындаған жағдайда қажет байланысушы тұлға</b>	Тегі: Телефон №: E-Mail:
<b>Науқас:</b>	Тегі және туған күні:
<b>Емдеудің түрі:</b>	<input type="checkbox"/> жатып емделу <input type="checkbox"/> барып-жүріп емделу
<b>Тұратын жерді емхана ұйымдастырады ма?</b>	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ Егер солай болса, онда қай жерде?
<b>Емге жұмсалатын шығынның құны мөлшері қанша болады?</b>	Барлығы €
<b>Төлемі туралы келісім</b>	<input type="checkbox"/> алдын ала төленген <input type="checkbox"/> науқас ақшасын ем басталғанға дейін төлеуі керек <input type="checkbox"/> алдын ала төлем жасалынды
<b>Апаратын адам</b> (егер болса)	Тегі және туған күні:  Емханада орналасады ма? <input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ  Егер орналасса, онда қай жерде?

Жері, күні және өтініш берушінің қолы.